

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ

БЕКІТЕМІН

**«Сәрсен Аманжолов атындағы
Шығыс Қазақстан университеті» КЕАҚ
Қабылдау комиссиясының төрағасы**



М. Төлеген

2026 ж.

**7М03101 «Психология» білім беру бағдарламасы бойынша
магистратураға түсушілерге арналған**

**ҚАБЫЛДАУ ЕМТИХАНЫНЫҢ БАҒДАРЛАМАСЫ
(ӘНГІМЕЛЕСУ)**

Өскемен, 2026

1. Қабылдау емтиханының (әңгімелесудің) мақсаты

Қабылдау емтиханының (әңгімелесудің) мақсаты – талапкердің теориялық және практикалық дайындығын, кәсіби білім, білік, дағдыларының магистратурада оқуға сәйкестік деңгейін анықтау.

Әңгімелесу өткізу тәртібі екі кезеңнен тұрады:

- талапкердің білім туралы құжаттарын комиссия тарапынан талдау;
- талапкермен ауызша әңгімелесу арқылы кәсіби және тұлғалық қасиеттерін, магистратурада оқуға дайындығын бағалау.

Әңгімелесу нәтижелері белгіленген үлгідегі комиссия хаттамасымен рәсімделіп, қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (немесе оның орынбасарына) тапсырылады.

Комиссия хаттамасына төраға және қатысқан барлық комиссия мүшелері қол қояды.

Хаттама әр талапкерге жеке рәсімделіп, оның жеке ісіне тігіледі.

Қабылдау емтиханының (әңгімелесудің) ұзақтығы – 30 минут, осы уақыт ішінде талапкер комиссия мүшелерінің сұрақтарына жауап беріп, әңгімелесуден өтеді.

Қабылдау емтиханына (әңгімелесуге) дәлелді себептермен (ауру немесе құжатпен расталған өзге жағдайлар) қатыса алмаған талапкерлер бекітілген кестеге сәйкес басқа күндері әңгімелесуге жіберіледі.

Әңгімелесу барысында талапкердің білімін нақтылау мақсатында негізгі сұрақтармен қатар, бағдарлама шеңберіндегі қосымша сұрақтар қойылуы мүмкін.

Әңгімелесу хаттамалары әңгімелесу аяқталғаннан кейін бірден қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына тапсырылады.

2. Әңгімелесудің құрылымы мен бағалау критерийлері

Қабылдау әңгімелесуі офлайн форматта өткізіледі.

2.1 Әңгімелесу құрылымы

Психология пәндер циклі бойынша сұрақтар:

- жалпы психология;
- даму психологиясы;
- дифференциалды психология;
- медициналық психология;
- тұлға психологиясы.

3. Әңгімелесуді бағалау критерийлері

Әңгімелесу рәсімі 1-қосымшаға сәйкес белгіленген үлгідегі хаттамамен рәсімделеді, онда талапкерге қойылған сұрақтар мен әңгімелесу нәтижелері көрсетіледі.

Талапкерлерді бағалау 1-кестеге сәйкес жүргізіледі. Магистратурада оқуға өту балы – 50 балл болып табылады. Әңгімелесу бойынша қабылданған

әрбір шешімге комиссия мүшелері қол қояды. Университетке қабылданған талапкерлердің әңгімелесу хаттамалары олардың жеке істерінде сақталады.

Кесте 1 - Әңгімелесуді бағалау критерийлері

№	Критерийлер	Балл
1	Таңдалған білім беру бағдарламасы бойынша магистратурада оқуға және университетке түсуге деген уәжін дәлелдеу. Оқу аяқталған соң кәсіби және тұлғалық дамудың перспективаларын көрсету.	10
2	Белгілі бір пән саласындағы ғылыми-зерттеу қызметі үшін қажет зерттеушілік дағдылар мен тәжірибеге ие болу.	10
3	Берілген тақырыпты ашуда ұғымдарды дұрыс қолдану қабілеті; ұғымдар мен олардың арасындағы байланыстардың дұрыс қолданылуы; ғылыми терминдерді қолдануда қателіктердің болмауы.	20
4	Оқу материалын түсіндіру логикасы мен мазмұнында қателіктер жоқ.	20
5	Білім алушылардың айтылған мәселені түсінуі байқалады.	10
6	Материал толық, ашық баяндалған, түсініктемелері бар.	20
7	Теорияны бейнелейтін мысалдар келтірілген.	10
	Барлығы	100

Әңгімелесудің сәтті өткендігін растайтын минималды балл - 50 балл.

4. Қабылдау емтиханына (әңгімелесуге) арналған сұрақтар тізімі

Мотивация және зерттеушілік құзыреттілік

1. Магистратурада табысты оқуыңыз үшін қандай негізгі дағдылар қажет деп санайсыз?
2. Теориялық білімді практикалық қызметте қалай қолданасыз?
3. Сіздің қандай жеке қасиеттеріңіз магистратурада сәтті оқуға көмектеседі?
4. Психология саласындағы қандай заманауи бағыттар сізді қызықтырады? Неліктен?
5. Магистратурада алған білімді болашақ кәсіби қызметіңізде қалай пайдаланбақсыз?
6. Оқытушылармен және топтастармен тиімді жұмыс істеу үшін қандай қасиеттер маңызды деп ойлайсыз?
7. Өз салаңызда қандай ғылыми мәселені зерттегіңіз келеді?
8. Көшбасшылық қасиет танытқан жағдайыңыз туралы айтып беріңіз.
9. Күрделі мәселені қалай шешкеніңізге мысал келтіріңіз.

10. Ғылыми жобаларда топпен жұмыс істеу тәжірибеңіз бар ма? Қандай рөл атқардыңыз?
11. Сәтсіздіктермен қалай күресесіз және одан қандай сабақ аласыз?
12. Уақытыңызды қалай жоспарлайсыз?
13. Оқу барысында кездесетін қиындықтарға қарамастан өзіңізді қалай ынталандырасыз?
14. Магистратурада зерттеушілік қабілеттеріңізді қалай дамытуды жоспарлайсыз?
15. Магистр дәрежесі сіздің мансаптық мақсаттарыңызға қалай әсер етеді?
16. Неліктен дәл осы университетті таңдадыңыз?
17. Неліктен «Психология» білім беру бағдарламасын таңдадыңыз?
18. Университет туралы ақпаратты қайдан алдыңыз?
19. Басқа қандай университеттерді қарастырдыңыз?
20. Оқуды аяқтаған соң Қазақстанда еңбек етуді жоспарлайсыз ба?
21. Сіздің академиялық және кәсіби мақсаттарыңыз қандай?
22. Бұл университет пен бағдарлама сол мақсаттарға жетуге қалай көмектеседі?
23. Ұжымда әдетте қандай рөл атқарасыз?
24. Топтық жобаларда қандай міндеттерді орындағанды жөн көресіз?
25. Бұған дейін алған білім тәжірибеңіз туралы айтып беріңіз (курстар, қосымша білім, өзіндік ізденіс).
26. Ғылыми немесе шығармашылық жетістіктеріңіз қандай?
27. Осы бағдарламаға түсуге не түрткі болды?
28. Алдағы кәсіби жоспарларыңыз қандай?
29. Қоғамдық және әлеуметтік белсенділігіңіз туралы айтып беріңіз.

Психология пәндер циклі бойынша сұрақтар

1. Психология ғылымы мен практикасының пәні мен міндеттері. Психология – жаратылыстану және гуманитарлық ғылым ретінде. Психология салалары.
2. Психология әдістері. Психологиялық практиканың құрылымы.
3. Психология пәні туралы түсініктердің дамуы. Классикалық және қазіргі көзқарастар.
4. Жан туралы түсініктер психология пәні ретінде.
5. Сана – ғылыми психологияның пәні ретінде. Сананың құбылыстары мен қасиеттері. Сана ағыны.
6. Мінез-құлық – психология пәні ретінде. Бихевиоризм: негізгі ұғымдары, міндеттері, зерттеулері.
7. Бейсаналық үдерістер, бейсаналық – психология пәні ретінде: анықтамасы, деректері, түсіндірмелері.
8. Іс-әрекетті психологиялық талдау (Н.А. Бернштейн, П.К. Анохин, А.Н. Леонтьев).
9. Адам психикасының шығу тегі мен дамуы. Психология мен философиядағы сана мәселесі (А.Н. Леонтьев).

9. Адам психикасының шығу тегі мен дамуы. Психология мен философиядағы сана мәселесі (А.Н. Леонтьев).

10. Психиканың пайда болуы мен эволюциясы. А.Н. Леонтьев, К.Э. Фабри және т.б. гипотезалары.

11. Психикалық құбылыстардың жалпы құрылымы. Психикалық үдерістер, қасиеттер, күйлер.

12. Мидың психофизиологиялық қызметтері.

13. Түйсік – қоршаған ортаны танудың сезімдік негізі және үдерісі ретінде. Түйсіктерді зерттеу.

14. Қабылдау – сезімдік танымның орталық үдерісі. Қабылдаудың қасиеттері мен заңдылықтары.

15. Елестету мен қиял – өткеннің немесе мүмкін болашақтың бейнелері ретінде. Елестетудің сипаттамалары.

16. Ойлау – объективті шындықты жалпылама және жанама бейнелеу үдерісі ретінде. Ойлау формалары, операциялары және кезеңдері.

17. Шетел психологиясындағы ойлау психологиясының тарихы мен қазіргі көзқарастар.

18. Ресей психологтарының еңбектеріндегі ойлаудың психологиялық табиғаты (Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, С.Л. Рубинштейн, В.В. Давыдов, О.К. Тихомиров, М.А. Холодная).

19. Естің психологиялық табиғаты: үдерістер, құбылыстар, заңдылықтар және сипаттамалар. Адам өміріндегі естің рөлі.

20. Ес психологиясының негізгі заңдылықтары. Естің классикалық және қазіргі зерттеулері.

21. Ойлау мен сөйлеудің генетикалық тамырлары. Сөйлеу – ойлау құралы (Ж. Пиаже, Соколов) және қарым-қатынас құралы (Л.С. Выготский).

22. Сөйлеудің шығу тегі мен пайда болу теориялары (Н. Хомский, Ч. Осгуд).

23. Тіл және сөйлеу: ұғымы, қызметтері, арақатынасы. Сөйлеу түрлері.

24. Зейін теориялары (Н.Н. Ланге, Т. Рибо, Н.Д. Узнадзе) және олардың физиологиялық механизмдері (И.П. Павлов, А.А. Ухтомский).

25. Зейіннің негізгі қасиеттері мен түрлері. Зейінді диагностикалау және дамыту әдістері.

26. Эмоциялар психологиясы. Зерттеу тарихы (Ч. Дарвин, У. Джемс, Ланге, В. Вундт).

27. Эмоциялар туралы теориялық түсініктер және эмпирикалық зерттеулер (Г. Селье, П.К. Анохин, Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев, П.В. Симонов, С.Л. Рубинштейн, О.К. Тихомиров, В. Додонов).

28. XX ғасырдағы ресейлік, кеңестік және қазақстандық психология ғылымының тарихы (классика, неклассика, постнеклассика).

29. Мотивациялық үдерістердің заңдылықтары. Психологиядағы мотивацияны зерттеу мәселелері.

30. Ерік әрекетінің құрылымы. Онтогенездегі еріктің дамуы. Іс-әрекеттегі еріктік үдерістер.

31. Даралықтың психофизиологиялық негіздері.
32. Жеке тұлға құрылымындағы сана және өзіндік сана (В. Джемс, В.В. Столин).
33. Жеке тұлға даралық ретінде. Интегралды даралық (Б.Г. Ананьев, В.С. Мерлин, Т.Ф. Базылевич).
34. Жеке тұлға туралы ұғым. Психологияның ғылымға дейінгі кезеңіндегі тұлға түсінігінің эволюциясы және ғылыми психологиядағы қазіргі көптүрлі трактовкалар.
35. Жеке тұлға құрылымы туралы жалпы түсініктер.
36. Кеңестік кезеңдегі ғылымдағы тұлға құрылымы туралы көзқарастар (А.Г. Ковалев, К.К. Платонов, Л.С. Рубинштейн).
37. Тұлға дамуының қозғаушы күштері.
38. Интеллект және шығармашылық. Интеллектуалдық және шығармашылық үдерістерді зерттеу (Р. Стенберг, Дж. Гилфорд).
39. Тұлға дамуының әлеуметтік мәртебелері (Б.Г. Ананьев).
40. Кеңестік психологиядағы темперамент пен мінез.
41. Шетел психологиясындағы темперамент пен мінез.
42. Б.Г. Ананьев бойынша тұлға құрылымы.
43. Тұлға типологиялары (кеңестік және шетел психологиясын салыстыру).
44. Тұлғаның факторлық модельдері.
45. К. Юнгтің тұлғаның аналитикалық теориясы.
46. Рефлексия: ұғымы, бағыттары, дамудағы маңызы.
47. Батыс психологиясындағы қабілеттер мәселесі.
48. Тұлға теориясындағы психодинамикалық бағыт (З. Фрейд және оның ізбасарлары).
49. А. Адлердің тұлғаның индивидуалдық теориясы.
50. Тұлға теориясындағы әлеуметтік-когнитивтік бағыт (А. Бандура, Дж. Роттер).

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Гиппенрейтер Ю. Б. Введение в общую психологию: Курс лекций: Учебн.пособие для вузов. - М.: Издательство АСТ, 2017.- 352с.
2. Немов, Р. С. Психология : учебник для вузов / Р. С. Немов. — 2-е изд., перераб. и доп. — Москва : Издательство Юрайт, 2024. — 501 с.
3. Маклаков А. Г. Общая психология. Учебник для Вузов – СПб: Питер, 2022. – 122
4. Маслоу А. Мотивация и личности. – Спб.: Питер, 2023. – 400 с.
5. Николенко, О. Ф. Психология личности и группы: теория и практика : учебное пособие. — Ростов-на-Дону: Донской государственный технический университет, 2024. — 142 с.— Текст : электронный // Цифровой образовательный ресурс IPR SMART : [сайт]. — URL: <https://www.iprbookshop.ru/150070.html>

6. Пичко М.С. и др. Социальная психология личности и малых групп. – М.: Феникс, 2023. – 317 с.
7. Рейгородский Психология личности. – М.: БахрахМ, 2021 – 428 с.
8. Рыбаков А.А. Анализ личности. – М.: Аст, 2023.-224 с.